

жасырынып жатыр. Бұл — біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Біздің мемлекетіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі.

- Біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек.

- Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз.

- Біз әлеуметтік, этностық, діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді механизмдерін жасауымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетін қатаң түрде тыйып отыру қажет.

- Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет.

- Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде арағайындық жасауға дайын болуымыз керек.

Біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті — Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс.

Үкіметке менің әкімшілігіммен бірлесіп, діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырамын.

Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс.

Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек»² — деп, Қазақстан азаматтарының, оның ішінде жастардың болашаққа бастар сара жолын айқындап береді.

Қазақстандық жастардың дін мәселесіне келетін болсақ, қазіргі таңда басқа діни ағымдардың қазақстандық жастарға әсер етуі өте жоғары. Әсіресе ол «батысқа», «прогресске» еліктейтін, жастардың батыстануын білдіруімен және ұйымның беделдігімен еліктіретін қалалық жастар арасында кеңінен танымал.

Өздерінің әр алуандығына қарамастан, деструктивті, тоталитарлық діни ағымдардың ортақ белгілері де бар. Олар үшін өз рөлдерінің кереметтігіне, доктриналарына, құндылықтары мен ұстанымдарына деген жоғары баға беру сипаты тән. Басты мақсаттары — адамның еркі мен бастамашылығын басып тастау, оны сыртқы ортадан оқшаулау, өзімен бір сәтте болса оңаша қалдырмау, галлюцинациясы заңды құбылыс деп қабылдауға дейінгі физикалық жағдайға апару.

Мұндай діни ағымдар үшін қолайлы сәт қазіргі уақыттағы идеялық құндылықтардың дағдарыс жағдайында халықтың көп бөлігінде, әсіресе жастарда белең алған ертеңгі күнге деген сенімсіздік, әлеуметтік депрессия жатады.

Мұндай діни ағымдардың жастарды өзіне тарту күшіне:

- олардың жастарға болашағын жеңілдету түрлерін ұсынуы;

- өз мәнері мен әрекеттерін түзетуге, ұялшақтық пен өз-өзін бақылаушылық қасиеттерінен арылуға мүмкіндік береді;

- «үлкен аға» рөлін ойнайтын басшыға бағыну және балалар мен ата-аналары арасында болатын екі жақты қатынастарда болу;

- жақсылық пен жамандық күштері толы ішкі дүниенің сыртқы әлем мен оның мақсаттары және қауіптерінен тұратын шындығының арасында үйлесімділіктің көрінуі сияқтыларды жатқызуға болады.

Осы факторлар негізінен жас адамдардың секталарға бірігуін анықтайды. Өйткені олар — өздеріне жалғыздықты сезінген, шындық пен болашақтан қорыққан немесе бастарынан қиын жағдайды өткеріп отырған адамдарды шақырады. Секталардың лидерлері өмірдің толықтай мәнін және сенімді ниеттестер қоғамынан табуға уәде береді. Олар «көсемдерінің бейнесін» (гуру, миссия, пайғамбар, және т. б.) құдайшылдық белгілерімен және жеке адамдар мен барлық әлемді құтқарудың ерекше құпиясын білетіндер ретінде көрсетеді. Оқу мен оқытушы абсолютті шындықты білдіреді. Ал олардың мүшелерінің жалпы күйзелістерін бір топқа біріктіру — олардың таңдап алынғандарын, «әулиелік өмір» сүретіндерін, болашақта жалпыға бірдей ләззат алуды, өзін-өзі құтқаруына әкеп соғатынына сендіреді.

Жас адамдарды секталарға «кіргізу» және одан кейінгі сабақтарында «сананы кеңейту әдістері»: медитация, транс, экстаз қолданылады. Кейде «қайта қосылу және қайта бағдарлау» деп аталатын процесс қосылады. Бұл есірткілер мен қандай да бір дене жаттығуларын жасаумен (гипервентиляция, гипоксия, ұзақ ырғақты қозғалыстар) жүзеге асырылады. Сектаның жас мүшелеріне әсер етудің барлық кешені олардың саналарын өзгертуі сонша, олар бір жағдайда үлкейтпелі линза ролін орындаса, келесі бір жағдайларда қисық айна рөлдерін орындап тұрғандарына сенеді. Осының нәтижесінде сырттағы адамдардың берген ақпараттары қабылданбайды да, секта мүшелерінің берген ақпараттары аксиома ретінде қабылданып, қалыптасады. Осылардың барлығы жас сектанттың иррационалды сенімдері мен катал сенімдерін қалыптастырады және күшейте түседі.

Осы әсерлердің нәтижесінде жас сектанттың санасында мынадай өзгерістер болады:

- еркінің әлсіреуі және өз өміріне бақылау жасауды жоғалту;
- тәуелділіктің дамуы және жас баланікіне ұқсас мінез-құлыққа қайтып келу (инфантильділікке кері қайту);
- сектаға жатпайтын адамдармен эмоционалды байланысқа бара алмау мен оларды жек көру;
- егер отбасы оның жаңа идеяларын қолдамаса, олардан қол үзу;
- ойларының біржақтылығына байланысты шындықтан алшақ кету мен секта лидеріне ғана бағыну;
- денсаулық жағдайының нашарлауы (аскорытуының бұзылуы, бастың ауруы, теріге байланысты аурулар және т. б.);
- психикалық жағдайының нашарлауы: мазасыздану, галлюцинация, бағыттан адасу, жеке бастың тармақталуы³.

Сектанттық тәуелділікке ұшыраған жас адамдармен жұмыс жасау үшін білікті психологтар керек. Оның басты мақсаты — сектанттың жеке өзінің ойлау қабілетін қалпына келтіру. Бұл мақсат тек жас сектанттың сектадан шығарып алуға қол жеткізуді ғана емес, оның «постсектанттық синдром» деп аталатын жағдайдан ақпараттық фокустанған кеңес беру арқылы арылтудан, яғни емдеуден тұрады.

Сонымен, жастардың бейресми бірлестіктеріне әлеуметтік қызметкерлердің, әлеуметтік педагогтардың тиімді әсер етуі оның әрекет етуінің негізі болған топ жайлы толықтай білуіне байланысты. Егер оның ерекшеліктерін ескерсе, онда бүтіндей топқа әсер ету керек. Егер сөз ассоциалдық және әлеуметтікке қарсы бағыттағы бейресми бірлестіктер туралы болса, онда қоғамның алдында, ең аз дегенде, жас адамға осы топтан шығуға, өзіне жақсы әсер ететін құрдастар тобын табуға көмектесу керек болады.

Әдетте, жас адамның өмір жолында жақсылыққа да, жамандыққа да жол бастаушы үлгі-өнеге, көндіруші, тіпті мәжбүрлеуші де ересек адам екені белгілі. Жеткіншектердің діни ағымдарға түсу жолында да ақылшысы, жауаптылық жасына жеткен — ересек адам.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қолданыстағы және жаңа жобасының «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар» — атты 2-тарауында «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық Іске тарту» 131 (жобада 132)-бап, «Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы Іс-әрекеттер жасауға тарту» 132 (жобада 133)-бап, «Кәмелетке толмаған баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту» 132-1- (жобада 134)-баптары мазмұнында аталған әрекетке қатысты жауаптылық қарастырылмаған⁴.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде қорытындымыз — қазақстандық жастарды діни бағытта шатастыруды, тыйым салынған діндерге, дін ағымдарына (секталарға) тартуды, оқытуды болдырмас үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне кәмелетке толмағандарды тыйым салынған діндерге, ағымдарға тартқаны үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыра келе, «Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту» 133-бабының 2-бөлігіне келесідей толықтыру енгізсе:

- Кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту;
- тыйым салынған діндерге, дін ағымдарына (секталарға) тарту, оқыту;
- үш жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға, немесе сол көлемде түзеу жұмыстарына тартуға;
- не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1 Криминология: Дәрістер курсы (жауапты ред. И.Ш. Борчашвили). — Астана, 2005. - 188-б.

- 2 Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
- 3 Агафонов А. Н., Меңлібаев К. Н. Жастармен жүргізілетін элеуметтік жұмыстар: Оқу құралы. — Қарағанды, 2003.-221-б.
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 1997. 16 шілде. (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен).